



**Жалғыз акционердің шешімімен
«БЕКІТІЛГЕН»**
**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
(«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі) АҚ**
**Басқармасының 11.10.2017 жылғы бетпе-бет отырысының
№ 39/17 хаттамасы)**

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры»
акционерлік қоғамының
Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар**

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының Жарғысына мына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 9-баптың 45-тармағының екінші азат жолында келесі редакцияда баяндалсын:

«Дивидент төлемі Жалғыз акционердің өзекті деректемелері туралы ақпарат Қоғам акциясын ұстаушылар тізілімінде болған жағдайда, жай акциялар жөніндегі дивидент төлемі туралы шешім қабылданған күннен бастап 90 күннен кешіктірмей жүзеге асырылу керек. Жалғыз акционердің өзекті деректемелері туралы ақпарат болмаған жағдайда, жай акциялар бойынша дивидент төлемі Жалғыз акционер өзі туралы қажетті мәліметтердің Қоғам акциясын ұстаушылар тізілімі жүйесіне енгізілетінін растайтын құжатпен Қоғамға жүгінген күннен бастап 90 күннен кешіктірмей жүзеге асырылу керек.»

2. 10-бапта:

2.1. 50-тармақтың 5), 6) тармақшалары келесі редакцияда баяндалсын:

«5) ішкі кредиттік саясатты жүзеге асыратын орган - Кредит комитеті;

6) активтер мен міндеттемелерді әртараптандыру принциптеріне қол жеткізу, қаржылық тәуекелдерді оңтайландыру мен қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Қор активтері мен міндеттемелерін басқару тиімділігін арттыру жөніндегі орган – Активтерді және пассивтерді бақылау комитеті;»;

2.2. 50-тармағы мына мазмұндағы 7) және 8) тармақшаларымен толықтырылсын:

«7) Қоғамның кредиттік, лизингтік, құжаттық (кепілдемені шығару), инвестициялық, шаруашылық жұмыстарды орындау нәтижесінде туындайтын проблемалық дебиторлық қарызды қайтару бойынша жұмысты жүзеге асыратын орган – Проблемалық активтермен жұмыс істеу комитеті;

8) Қазақстан Республикасы заңына сай құрылған басқа да органдар.»

3. 12-баптың 60-тармағы келесі редакцияда баяндалсын:

«60. Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне келесі мәселелер бойынша шешімдерді қабылдау қатысты:

1) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оның өзгерістері мен толықтыруларын бекіту;

3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ өз міндеттерін орындағаны үшін Директорлар кеңесіне төленетін сыйақылар мен шығындардың мөлшері мен шарттарын анықтау;

- 5) Қоғамның жарияланған акцияларының санын арттыру немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрлерін өзгерту;
- 6) Қоғамның құнды қағаздарын түрлендіру, сондай-ақ оларды өзгерту шарттары мен тәртібін анықтау;
- 7) Қоғамның акцияларының ерікті делистингі;
- 8) «алтын акцияларды» енгізу және жою;
- 9) Қоғамның жай акцияларына түрлендірілетін құнды қағаздарды шығару;
- 10) бір түрде орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларға алмастыру, мұндай алмастыру шарттары мен тәртібін анықтау;
- 11) Қоғамда аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;
- 12) Қоғамда тексерулерді (резвияларды) тағайындау;
- 13) жылдық қаржылық есепті бекіту;
- 14) есептік қаржылық жылдағы Қоғамның таза пайдасын бөлу, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу тәртібін және Қоғамның бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшерін бекіту;
- 15) Қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруға және олардың жұмысына немесе басқа заңды тұлғалардың жалпы Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығуына қатысуы;
- 16) Қоғамның басқарма төрағасын сайлау, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 17) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу;
- 18) Жалғыз акционерге Қоғам жұмысы туралы ақпарат беру тәртібін анықтау, мұндай тәртіп Қоғам Жарғысымен қарастырылмаған болса, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
- 19) Қоғам оларды Қазақстан Республикасының заңына сай ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған кезде, акциялардың құнын анықтау әдістемесіндегі өзгерістерді бекіту;
- 20) Қоғамның жылдық есебін бекіту;
- 21) Жалғыз акционер анықтайтын тізім бойынша Қоғамның ішкі жұмысын реттейтін құжаттарды, сондай-ақ олардың өзгерістері мен толықтыруларын бекіту;
- 22) оның қызметі бойынша Қоғамға тікелей (оперативтік) тапсырмаларды орындауды жүктеу;
- 23) Қоғамның атқарушы органы басшысын тәртіптік жауапкершілікке тарту, тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастау;
- 24) Қоғамның нәтижесінде елу және одан көп пайызы иеліктен шығарылатын (иеліктен шығарылуы мүмкін) келісім жасалғандығы туралы шешім қабылданған күні Қоғам активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінен нәтижесінде Қоғамның елу және одан көп пайызды құрайтын мүлкі иеліктен шығарылатын (иеліктен шығарылуы мүмкін) ірі келісімдерді жасасуы;
- 25) шешімдерді қабылдау Қазақстан Республикасы заңына және (немесе) Жарғыға сай Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне кіретін басқа да мәселелер.».

4. 13-бапта:

4.1. 65-тармақ келесі редакцияда баяндалсын:

«65. Қазақстан Республикасының заңымен орнатылмаған болса, Қоғамның Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі жөніндегі мәселелерді қабылдау кіреді:

- 1) Жалғыз акционер беретін мәселелерді алдын ала қарастыру;
- 2) Қоғамның орналастырылған акциялар мен басқа да құнды қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу құны;
- 3) Қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;

- 4) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегияларын анықтау, өзгерістер, толықтырулар енгізу және оның жүзеге асырылуын бақылау;
- 5) Қоғамның облигациялар мен туынды құнды қағаздарын шығару шарттарын, сондай-ақ олардың шығарылуы туралы анықтау;
- 6) оның ішінде Қоғамның орналастырылатын (жүзеге асырылатын) акцияларының санын жарияланған акциялар саны шегінде орналастыру (жүзеге асыру), оларды орналастыру (жүзеге асыру) тәсілі және құны;
- 7) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттігінің мерзімін, жұмыс істеу тәртібін анықтау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, лауазымдық қызметақы мөлшері мен еңбек ақы төлеу, сыйлықақы (сыйақы) беру, әлеуметтік қолдау көрсету талаптарын анықтау, сондай-ақ сыйлықақы беру (сыйақы төлеу) туралы шешім қабылдау;
- 8) Директорлар кеңесі құзыретіне кіретін мәселелер бойынша корпоративтік қайшылықтарды, сондай-ақ қайшылық мәні Басқарма әрекеті (әрекетсіздігі) немесе Қоғам Басқармасы қабылдаған шешімдер болатын бөлек қайшылықтарды реттеу;
- 9) Қорғам Басқармасының сандық құрамын, өкілеттігі мерзімін, оның жұмыс тәртібін анықтау, Қоғам Басқармасы төрағасынан басқа Басқарма мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, лауазымдық қызметақы мөлшері мен еңбек ақы төлеу, сыйлықақы (сыйақы) беру, әлеуметтік қолдау көрсету талаптарын анықтау (өзгерту), сондай-ақ Қоғам Төрағасы мен Басқарма мүшелеріне сыйлықақы беру (сыйақы төлеу) туралы шешім қабылдау;
- 10) Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланған соң туындаған, Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеуіне және/немесе қызметте болуына қатысты келісім беру;
- 11) жұмыскерлердің жалпы санын бекіту;
- 12) Директорлар кеңесі (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Жалғыз акционер мен Басқарма қабылдайтын құжаттардан басқа) анықтайтын тізім бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, оның ішінде Қоғамның аукциондарды жүргізу және құнды қағаздарға жазылу, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу шарттары мен тәртібін орнататын ішкі құжаттарды бекіту;
- 13) Қоғам филиалдары мен өкілдіктерінің құру және жабу және олардың ережелерін бекіту;
- 14) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың он және одан көп пайыз акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) алуы (иелігінен шығаруы), сондай-ақ Қоғамның басқа ұйымдарды құруға қатысуы;
- 15) Қоғам міндеттемелерінің өзінің жеке капиталынан он және одан көп пайызды құрайтын көлемге артуы;
- 16) Келісімді жасау туралы шешімді Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңнамасына сәйкес Жалғыз акционер қабылдайтын ірі келісімдерден басқа, Қоғамның Қоғам қызығушылық танытатын ірі келісімдер мен келісімдерді жасауы;
- 17) Қоғамның даму жоспарын бекіту, сондай-ақ өзгерістер, толықтырулар енгізу және оның жүзеге асырылуын бақылау;
- 18) стратегияларды жүзеге асыру жөнінде іс-шаралар жоспарын бекіту, өзгерістер, толықтырулар енгізу және оның жүзеге асырылуын бақылау;
- 19) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау және оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін анықтау, лауазымдық қызметақы мөлшері мен еңбек ақы төлеу, сыйлықақы (сыйақы) беру, әлеуметтік қолдау көрсету талаптарын анықтау (өзгерту), сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің басшысы мен мүшелеріне сыйлықақы беру туралы шешім қабылдау;

20) тәуекелдерді бақылау жөніндегі ішкі құжаттарды (тәуекелдерді басқару саясаты, тәуекелдер тіркелімі; тәуекелдер картасы; өрескел тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары; бизнес-процестер, тәуекелдер мен бақылаулар матрицалары; тәуекел-аппетит; тәуекелдердің негізгі көрсеткіштері; тәуекелдер бойынша есептер), сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

21) Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерін құру, Директорлар кеңесінің сандық құрамы мен өкілеттілік мерзімін анықтау, оның төрағасы мен мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитеті туралы ережелерді, олардың өзгерістері мен толықтыруларын бекіту;

22) Директорлар кеңесінің, Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің, корпоративтік хатшының, Ішкі аудит қызметінің, комплаенс-контролердің, омбудсменнің жұмысы туралы есептерді бекіту;

23) он және одан көп пайыз акциялары (жарғылық капиталға қатысу үлестері) Қоғамға тиесілі заңды тұлғалардың акционерлері (қатысушылары) жалпы жиналысының құзыретіне кіретін қызмет мәселелері;

24) қаржылық есеп аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акциясын төлеуге берілген немесе ірі келісім заты болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметтерін төлеу мөлшерін анықтау;

25) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпия ақпаратты қамтитын Қоғам немесе оның қызметі туралы деректерді анықтау;

26) Қоғам Басқармасы мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеуіне қатысты келісім беру;

27) омбудсменді тағайындау, оның өкілеттілік мерзімін анықтау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

28) нормативтердің бөлек түрлерін және Қоғамның басқа да әкімшілік шығындардың шектеулерін бекіту, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

29) Басқарма төрағасынан басқа, Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметкерлерді тәртіптік жауапкершілікке тарту, тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастау;

30) комплаенс-контролерді тағайындау, оның өкілеттігінің мерзімін, жұмыс істеу тәртібін анықтау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, лауазымдық қызметақы мөлшері мен еңбек ақы төлеу, сыйлықақы беру, әлеуметтік қолдау көрсету талаптарын анықтау, сондай-ақ комплаенс-контролерге сыйлықақы беру туралы шешім қабылдау;

31) оның қызметі бойынша Қоғамға тікелей (оперативтік) тапсырмаларды орындауды жүктеу, сондай-ақ олардың орындалу нәтижелерін қарап шығу;

32) корпоративтік басқару кодексінің принциптерін және ережелерін орындау/орындамау туралы есепті бекіту;

33) Жалғы акционер құзыретіне кірмейтін Қазақстан Республикасы заңымен және (немесе) Жарғымен қарастырылған басқа мәселелер.».

4.2. 69-тармақтың бірінші азат жолы келесі редакцияда баяндалсын:

«69. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар осы Жарғыда басқаша жағдай қарастырылмаған болса, шектеусіз рет қайта сайлана алады, олардың Қоғамның Директорлар кеңесі құрамында болу максималды мерзімі жалпы алғанда 6 (алты) жылдан артық болмайды, оның ішінде тәуелсіз директорлар 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге сайланады және одан әрі олардың жұмыстарын бағалау қанағаттанарлық нәтижелер берген кезде, тағы 3 (үш) жылға қайта сайлануы мүмкін.

Ерекше жағдайларда тәуелсіз директорларды 6 (алты) жылдан асатын мерзімге сайлауға рұқсат беріледі, бұл кезде мұндай тұлғаны Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау жыл сайын немесе осы тұлғаны Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау

қажеттілігін және мұндай фактінің шешімдерді қабылдау тәуелсіздігіне әсерін толық түсіндірумен басқа мерзімде орын алады.».

4.3. 76-тармақтың алтыншы азат жолы алынып тасталсын.

4.4. 77-тармақтың екінші азат жолы келесі редакцияда баяндалсын:

«Бұл кезде Директорлар кеңесі бетпе-бет отырыстарды өткізуге және сырттай отырыстар санын азайтуға тырысады.».

4.5. 79-тармақ келесі редакцияда баяндалсын:

«79. Маңыздырақ мәселелерді қарап шығу және маңыздырақ мәселелерді қарап шығуға дайындау, сондай-ақ Директорлар кеңесіне ұсыныстарды дайындау үшін, Қоғамда мына мәселелер жөніндегі Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері құрылу керек:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар мен сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған басқа да мәселелер.

Осы тармақтың алғашқы бөлімінде тізімі берілген мәселелерді қарастыру бір немесе бірнеше Директорлар кеңесі комитеттерінің құзыретіне берілуі мүмкін, тек ішкі аудит мәселелері ғана Директорлар кеңесінің бөлек комитетімен қарастырылады.».

5. 14-бапта:

5.1. 82-тармақ келесі редакцияда баяндалсын:

«82. Ағымдағы қызметтерге Қоғам Барқармасы басшылық етеді. Қоғам Басқармасын Басқарма төрағасы басқарады.

Қоғам Басқармасы Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне және Жарғыға сай Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмайтын, Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша мына шешімді қабылдауға құқылы:

1) Қоғамның оперативтік қызметіне басшылық ету, Жалғыз акционер мен Қоғамның Директорлар кеңесі шешімінің орындалуын қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) осы Жарғыға сай тек Жалғыз акционер және (немесе) Директорлар кеңесі бекіту керек құжаттардан басқа, Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын ішкі құжаттарды (өзгерістер мен толықтыруларды) бекіту, оларды ішінде, бірақ шектелмей:

- есеп саясаты;

- салықтық есеп саясаты;

- жемқорлыққа қарсы тұру саясаты;

- шығындарды қалыптастыру есебінен (талап ету құқынан бас тарту) берешекті өндіріп алу үмітсіз теңгерімдік және/немесе теңгерімнен тыс шоттардан шешіп алу ережесі;

3) Қоғамның бекітілген даму жоспары аясында Қоғамның жылдық бюджетін бекіту;

4) Қоғам жұмыскерлерінің (Басқарма, Ішкі аудит қызметі Төрағасы мен мүшелерінен, корпоративтік хатшыдан, комплаенс-контролерден басқа) еңбек ақысын төлеу, сыйақы беру, оларға әлеуметтік қолдау көрсету туралы ережелерді бекіту;

5) Директорлар кеңесі бекіткен жұмыскерлердің жалпы санын есепке ала отырып, Қоғамның штаттық кестесін бекіту;

6) Қоғамның (Қоғамның басқа органдарының) комитеттері (комиссиялары) туралы, оның ішінде Қоғам Басқармасы (Басқарма кезіндегі алқалық-кеңесші органдар) кезіндегі ережелерді құру, бекіту, сондай-ақ комитеттер (комиссиялар) мүшелерін сайлау және олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;

7) Қоғамда қызмет көрсететін (қажет болса) (Қоғамның басқа органдарының, сондай-ақ Басқарма кезіндегі алқалы-кеңесші органдардың) комитеттің (комитеттердің) (комиссияның (комиссиялардың)) төрағасының (төрағаларының) есептерін тыңдау;

8) Қоғамның құрылымдық бөлім басшыларының (қажет болса) есептерін тыңдау;

9) осы Жарғының 65-тармағының 7), 9)-10), 19), 21)-22), 26), 29)-31) тармақшаларында көрсетілген мәселелерден басқа Жалғыз акционердің және Қоғамның директорлар кеңесінің қарастыруына ұсынылатын сұрақтарды алдын ала қарап шығу;

10) жеке кәсіпкерлік субъектілерін әрі қарай қаржыландыру үшін екінші деңгейі банк пен басқа заңды тұлғаларға қаражаттарды шарттарлан орналастыру (шарттарын өзгерту), сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілерін Қазақстан Республикасы заңнамасында тікелей көзделген өзге де тәсілдермен қаржыландыру, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілерін негізгі қаржыландыру/жеке кәсіпкерлік субъектілерін Қазақстан Республикасы заңнамасында тікелей көзделген өзге де тәсілдермен қаржыландыру шарттарын бекіту (өзгерту);

11) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне кепілдеме беру (беруден бас тарту), Кредит комитеті құзыретіне кіретін мәселелерден басқа, Қоғам Басқармасы шешіміне негізделген кепілдемелерді берудің негізгі шарттарын тоқтату және өзгерту;

12) Кредит комитеті қызметі:

- Кредит комитеті туралы ережені бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы;

- Кредит комитеті (Қоғамның кредиттік саясатымен белгіленген шектік лимиттер шеңберінде), оның ішінде кепілдеме беру мәселелері бойынша лимитті анықтау;

- Кредит комитеті лимиті аясында Қоғам Басқармасы шешімі негізінде берілген кепілдеменің негізгі шарттарын тоқтату немесе өзгерту мәселелері бойынша шешімдерді қабылдауға қоса, Кредит комитеті өкілеттігін беру туралы;

13) даму стратегиясының, даму жоспарының іске асырылуын, Қоғамның жылдық бюджетінің орындалуын жүзеге асыру;

14) Қоғамның міндеттемелерін Қоғамның меншікті капиталы көлемінің екі пайызынан он пайызына дейінгі шамаға ұлғайту және өзге мәмілелерді жасау, бірақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) осы Жарғымен Қоғамның өзге органдары мен лауазымды тұлғаларының құзырына жатқызылған мәмілелерді қоспағанда;

15) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғамға демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсету;

16) Қоғаммен бастама етіп көтерілетін жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау бағдарламаларын бекіту, сондай-ақ оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізу;

17) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-мен келіскеннен кейін Директорлар кеңесімен бекітілген жұмысшылардың жалпы саны шеңберінде ұйымдық құрылымды бекіту. Бұл ретте ұйымдық құрылымды күнтізбелік жылда бір реттен артық өзгертуге жол беріледі;

18) Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының айрықша құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметін қамтамасыз етумен байланысты өзге мәселелер.».

5.2. 14 баптың 90-тармағында:

12) тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:

«12) Қоғамның міндеттемелерін Қоғамның меншікті капиталы көлемінің екі пайызына дейінгі шамаға ұлғайту туралы шешімдер қабылдайды, сондай-ақ Қоғамның атынан Қоғам органдарының құзырына жатқызылмаған мәмілелерді жасайды;»;

17) тармақша алынып тасталсын.

6. 15 бап келесі редакцияда баяндалсын:

«15 бап. ҚОҒАМНЫҢ ӨЗГЕ ОРГАНДАРЫ

92. Қоғамның комитеттері:

1) Кредиттік комитет Қоғамның ішкі кредит саясатын жүзеге асыратын, Қоғамның тұрақты түрде әрекет ететін алқалық органы болып табылады.

2) Активтерді және пассивтерді басқару жөніндегі комитет Қоғамның активтері мен міндеттемелерін тиімді басқарумен байланысты жұмысты жүзеге асыратын, Қоғамның тұрақты түрде әрекет ететін алқалық органы болып табылады.

3) Мәселелелі активтермен жұмыс жасау жөніндегі комитет Қоғамның кредиттік, лизингтік, құжаттамалық (кепілдіктер шығару), инвестициялық, шаруашылық қызметін жүзеге асыруы нәтижесінде туындаған мәселелі дебиторлық берешекті қайтару жөніндегі жұмысты жүзеге асыратын, Қоғамның тұрақты түрде әрекет ететін алқалық органы болып табылады.

93. Комитеттердің қызметіне басшылық етуді әр комитеттің Төрағасы жүзеге асырады. Комитеттің төрағасы болмаған жағдайда, оның өкілеттіктері комитет Төрағасының Орынбасарына жүктеледі.

94. Әр комитеттің саны мен дербес құрамы Басқарманың шешімі бойынша анықталады.

Кредиттік комитеттің құрамына қойылатын талаптар Қоғамның кредиттік саясатымен анықталады.

95. Комитеттің отырысын шақыру туралы, отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны туралы және күн тәртібінің мәселелері туралы шешім, сондай-ақ отырысқа қатысуға шақырылған тұлғалардың тізімі туралы шешімді комитет Төрағасымен қабылданады.

96. Комитет отырысының күн тәртібі комитет Төрағасының, комитет мүшелерінің, Қоғамның құрылымдық бөлімшелері басшыларының ұсыныстары негізінде комитет хатшысымен қалыптастырылады және комитет отырысы өтетін күннің алдындағы күні комитет Төрағасымен бекітіледі.

97. Комитеттің отырысы қажетінше, бірақ айына кемінде бір рет өткізіледі. Қажет болған жағдайда комитет Төрағасы комитеттің кезекті отырысын кейінге қалдыра алады немесе кезектен тыс отырысты шақыра алады.

98. Комитеттің отырыстары комитет мүшелерінің жартысынан кем емес кворум болған жағдайда өткізіледі, бұл ретте кворум – келмеген комитет мүшелерінің ескерілуімен анықталуы мүмкін (олардың жазбаша нысанда көрсетілген дауыстары бар болған жағдайда).

99. Кворумның болуын отырыс ашылған кезде комитет Төрағасы анықтайды.

100. Комитеттің әр мүшесі бір дауысты иемденеді. Комитетке шығарылған мәселелер бойынша шешімдер отырысқа қатысып отырғандардың және өз пікірін жазбаша түрде білдіргендердің дауыстарының қарапайым көпшілігімен қабылданады. Дауыстар теңдей болған жағдайда, комитет Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

101. Комитет мүшесінің өз дауысын өзге тұлғаларға, соның ішінде комитеттің мүшелеріне табыстауына жол берілмейді.

Комитеттің шешімімен келіспеген жағдайда комитеттің мүшесі хаттамаға ерекше пікір енгізілуін талап етуге құқылы, ал хатшы осыны жасауға міндетті болады.

102. Комитеттер Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған тәртіпте келесі мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы, соның ішінде бұлармен шектелместен: мәмілелер жасау жолымен Қоғам міндеттемелерін Қоғамның меншікті капиталы көлемінің екі пайызына дейінгі шамаға ұлғайту туралы:

1) Кредиттік комитет (Қоғамның кредиттік саясатымен белгіленген шектік лимиттер шеңберінде) келесідей шешімдер қабылдайды:

- жеке кәсіпкерлік субъектілеріне кепілдіктер беру немесе беруден бас тарту туралы;

- Кредиттік комитеттің шешімі негізінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне берілген кепілдіктерді тоқтату немесе негізгі шарттарын өзгерту туралы;

- Кредиттік комитеттің лимиті шеңберінде Басқарманың шешімі негізінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне берілген кепілдіктерді тоқтату немесе негізгі шарттарын өзгерту туралы;

- Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Кредиттік комитеттің құзырына кіретін мәселелер бойынша.

2) Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитет (Қоғамның Директорлар кеңесімен белгіленген шектік лимиттер шеңберінде) келесідей шешімдер қабылдайды:

- банк шоттары мен банк салымдарын ашу және жабу туралы;

- банк шоттары мен банк салымдары шарттары бойынша талаптардың өзгеруі туралы;

- РЕПО мәмілелерін жүргізу;

- Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Активтер мен пассивтерді басқару комитетінің құзырына кіретін мәселелер бойынша.

3) Мәселелі активтермен жұмыс жасау жөніндегі комитет келесідей шешімдер қабылдайды:

- өтеуін төлеп алу құнының белгіленуімен мәселелі қарыздар/лизинг бойынша тыйым салынған мүлікті сату жөніндегі сауда-саттыққа Қоғамның қатысуы туралы;

- Қоғам борышкерлерінің банкроттығы мен берешекті өндіріп алу мақсатында талаппен сотқа жүгіну рәсімдерін бастама етіп көтеру туралы;

- Қоғамның қолданыстағы ережелеріне сәйкес аукцион өткізбестен Қоғамның мүлкін атаулы сату туралы;

- қалыптасқан провизиялардың есебінен өндіріп алуға неғайбыл берешекті теңгерімнен тыс шығынға жазу туралы;

- Қоғамның атына тіркелген мәселелі берешек бойынша қамтамасыз етуге ұсынылған қозғалмалы мүлікті мемлекеттік есептен алу туралы;

- Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Мәселелі активтермен жұмыс жасау жөніндегі комитеттің құзырына кіретін мәселелер бойынша.

103. Комитет мүшелері, комитеттің хатшысы, оның отырысына шақырылған Қоғам жұмыскерлері және өзге тұлғалар комитеттің қарауына шығарылған мәселелерді талқылау барысын, дауыс беру барысын құпия сақтауға міндетті.

104. Комитеттің шешімдерін іске асыруға қатысты жауапкершілікті – Қоғамның осыған қатысы бар барлық құрылымдық бөлімшелері өздерінің атқарымдық міндеттері шегінде көтереді.

105. Комитет шешімдерінің орындалуын бақылау – Қоғамның тиісті құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына, және қажет болған жағдайда Қоғамның өзге жұмыскерлеріне жүктеледі.

106. Комитеттің мүшелері келесілерге міндеттенеді:

1) Қоғамның мүдделеріне сай әрекет ету, Қоғамға қатысты құқықтарын жүзеге асыру және міндеттерін орындау барысында адал ниетпен және орынды әрекет ету, шешімдер қабылдаған кезде Қоғам үшін тәуекелдері мен қолайсыз салдарын бағалау;

2) комитеттің отырыстарына қатысу;

3) шешімдердің қабылдануында жеке мүдделілігі бар мәселелер бойынша дауыс беруден тыйылу;

4) іскерлік этика нормаларын сақтау;

5) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын сақтау, соның ішінде Қоғамдағы жұмысты тоқтатқан сәттен бастап үш жыл бойы, егер Қоғамның ішкі құжаттарымен өзге жағдайлар белгіленбеген болса;

6) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғам Жарғысы мен ішкі құжаттарының, еңбек шартының талаптарына сәйкес хабардарлық, ашықтық негізінде Қоғамның және оның Жалғыз акционерінің мүдделеріне сай әрекет ету;

7) мәселелер бойынша тәуелсіз әділ пайымдама шығару;

8) кәсіпқойлық, адалдық және әділдік секілді қағидаттардың сақталуымен әрекет ету.

107. Комитет мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.».

7. 17 бап келесі мазмұндағы 112-1 және 114-1 тармақтарымен толықтырылсын:

«112-1. Қоғам Жалғыз акционердің шешімі негізінде немесе Жалғыз акционер өз атынан Қоғамның мүдделеріне сай, Қоғамның жасауында мүдделілігі бар және нәтижесінде құны Қоғам активтерінің теңгерімдік құнының жалпы көлемінің он және одан артық пайызын құрайтын мүлікті Қоғам сатып алған немесе иеліктен шығарған мәмілені Қоғамның жасауы нәтижесінде Қоғамда туындаған зиян үшін лауазымды тұлғаны жауапқа тарту туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы, келесі шарттар қатар орын алған жағдайда:

- егер мәмілені жасау туралы шешімді қабылдау сәтінде мұндай мүліктің құны «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес анықталған оның нарықтық құнына айқын түрде сәйкес емес екендігі дәлелденетін болса;

- Қоғамның лауазымды тұлғасының (тұлғаларының) немесе оның үлестес тұлғаларының пайда (табыс) алуы мақсатында, Қоғамның Жалғыз акционерін Қоғамның лауазымды тұлғасының (тұлғаларының) қасақана адастыруы дерегінің сотпен анықталуы»;

«114-1. Осы Жарғының 113 және 114 тармақтарының қағидалары осы Жарғының 112-1 тармағында қарастырылған мәмілені жасаудың нәтижесінде туындаған Қоғамға зиян келтіру жағдайларына тарайды.».

8. 19 баптың 122 тармағының 4) тармақшасының бірінші абзацы келесі редакцияда баяндалсын:

«4) Қоғамның ірі мәмілелерді және келесі шарттарға бір уақытта сәйкес келетін мәмілелерді жасауы: Жасалуында Қоғамның мүдделілігі бар және құны – Қоғамның уәкілетті органы осындай мәмілелерді жасау туралы шешімді қабылдаған күнінде Қоғам активтерінің жалпы теңгерімдік құны көлемінің он және одан артық пайызын құрайтын мүлікті сатып алумен немесе иеліктен шығарумен байланысты мәмілелер болып табылады.».

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры»
акционерлік қоғамының
Басқарма төрағасы**



А. Сарқұлов